«KazakhExport»ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «10» шілдедегі № 6
хаттамасына № 10 қосымша

«KazakhExport»ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «10» шілдедегі № 6
хаттамасымен бекітілді

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары

(23.12. 2022 жылғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып (№14 хаттама)

Астана қ., 2022 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату
«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:	

Мазмұны

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары 1
Мазмұны 4
1-тарау. Жалпы ережелер 5
2-тарау. Сақтандыру объектісі 7
3-тарау. Сақтандыру жағдайлары 7
4-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу 8
5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі 9
6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны 10
7-тарау. Сақтандыру сомасының көлемін айқындау тәртібі 10
8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы 10
9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері 11
10-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары 13
11-тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті 13
12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі 14
13-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары 15
14-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімдері 16
15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары 16
16-тарау. Суброгация 17
17-тарау. Қосымша шарттар 17
18-тарау. Дауларды шешу тәртібі 17

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес әзірленді(бұдан әрі - Сақтандырушы).

2. Сақтандырушы осы Қағидалардың негізінде шығарылған облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасасады.

3. Сақтандыру қорғауы эмитент-экспорттаушылардың осы облигацияларды өтеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауы бойынша облигацияларды ұстаушыларға олардың Жарғысына сәйкес Сақтандырушының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қолдау жүзеге асырылатын жобалар бойынша беріледі.

4. Осы Қағидаларға сәйкес Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы Сақтандыру шартында келісілген Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру сомасы шегінде азаматтық-құқықтық жауапкершілік көтеретін Пайда алушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5. Осы Қағидалардың мақсаты облигацияларды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың негізгі шарттарын, атап айтқанда осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген жағдайлардың туындау тәуекелдерінен сақтандырудың негізгі шарттарын айқындау болып табылады.

6. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Шартсыз франшиза - Сақтандыру шартында белгіленген, Сақтандыру төлемінен шегерілетін сома. Шартсыз шегерім сақтандыру сомасына пайызбен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді;

2) Бұғаттау - бағалы қағаздардың сақталуына кепілдік беру мақсатында жүзеге асырылатын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен азаматтық - құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салу;

3) Пайда алушы - Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру төлемін алушы болып табылатын облигацияларды ұстаушы;

4) Дербес шоттан үзінді-көшірме - орталық депозитарий, тіркеуші немесе номиналды ұстаушы беретін және белгілі бір уақытқа қаржы құралдары бойынша тіркелген тұлғаның құқықтарын растайтын бағалы қағаз болып табылмайтын құжат;

5) Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару - эмитенттің азаматтық құқықтар объектісі ретінде эмиссиялық бағалы қағаздардың пайда болуына бағытталған әрекеттері немесе орналастырылуы, айналысы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы;

6) Облигация ұстаушы - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген, облигациялар бойынша құқықтары бар заңды тұлға;

7) Дефолт - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау;

8) Шетелдік контрагент- сатып алушы, тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және Экспорттаушымен келісімшарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы;

9) Келісімшарт- Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасындағы қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспортына арналған жазбаша келісім;

10) Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)-орталық депозитарий бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына оларды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында беретін әріптік-цифрлық код;

11) Облигацияның номиналды құны - облигация шығарылған кезде анықталған, купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін облигация құнының ақшалай көрінісі, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигация ұстаушыға төленуге тиісті сома;

13) Облигация - облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу құқығын шығару шарттарына сәйкес және оның айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін - облигацияның номиналды құнын ақшамен немесе өзге де мүліктік баламамен куәландыратын, оны шығару кезінде алдын ала белгіленген айналыс мерзімі бар бағалы қағаз;

14)Айналым - бағалы қағаздардың қайталама нарығында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау;

15)Күту кезеңі - осы Сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі, бұл кезең аяқталғаннан кейін Сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі. Күту кезеңі Сақтандырушы Пайда алушыдан Сақтандыру жағдайы туралы хабарландыру алғаннан кейін келесі күні басталады;

16)Төлем агенті - банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

17)Облигацияларды өтеу - эмитенттің облигацияларды шығару проспектісінде белгіленген тәртіппен сыйақы және облигацияның номиналды құнын (кейіннен сату мақсатынсыз) төлеу немесе оны сол эмитенттің акциясына (акцияларына) айырбастау жолымен орналастырылған облигацияларды айналыстан алып қою бойынша іс-әрекеті;

18)Облигацияларды ұстаушылардың өкілі - бағалы қағаздардың қайталама нарығында облигациялардың айналысы, облигациялар бойынша сыйақы төлеу және оларды өтеу процесінде эмитентпен жасалған шарт негізінде облигацияларды ұстаушылардың мүддесінде әрекет ететін ұйым;

19)Проспект - эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі, яғни эмитент, оның қаржылық жағдайы, сатылымы болжанатын облигациялар, шығарылым көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздар саны, оларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сыйақы төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтерді және инвестордың бағалы қағаздарды сатып алу туралы шешіміне әсер етуі мүмкін басқа да ақпаратты қамтитын құжат;

20)Бағалы қағаздардың бастапқы нарығында облигацияларды орналастыру - сату;

21)Сақтандырушы - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан облигациялар эмитенті ретінде әрекет ететін экспорттаушы;

22)Сақтандыру мүддесі- бұл Сақтанушының тәуекелдерді болдырмауға және Сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеуге деген мүліктік мүддесі;

23)Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтандырушы Сақтандыру шартында айқындалған талаптарда және мөлшерде Пайда алушыға Сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

24)Сақтандыру сомасы- сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома. Сақтандыру сомасы валютасының түрі Сақтандыру шартында айқындалады;

25)Сақтандыру төлемі- Шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

26)Сақтандыру жағдайы- орын алған кезде Сақтандыру шартында Сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

Қағидалардың 6-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес 26-1) тармақшамен толықтырылды (№14 хаттама)

26-1) Сақтандыру оқиғасы- нәтижесінде Сақтанушының мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға.

27)Шығарылым құрылымы - шығарылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, номиналды құны туралы (облигациялар үшін) мәліметтер;

28)Сақтандырушының уәкілетті органы- келіп түскен өтініштер бойынша сақтандыру қорғанысын ұсынуға қатысты шешім қабылдайтын Сақтандырушының ішкі алқалы органы;

29)Шығын - Сақтанушының облигация бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себебінен туындайтын Пайда алушының залалы. Залал анықтамасына Сақтанушының Пайда алушы алдында жіберіп алған пайданы өтеу (төлеу) бойынша берешегінің; тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар; есептелген және мерзімі өткен сыйақылар, комиссиялар және жүзеге асырылған экспорттық жеткізу сомасын төлеу болып табылмайтын ақшалай төлем сипатындағы өзге де осыған ұқсас төлемдер; моральдық залал; сот шығасыларының, оның ішінде Проспект бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алуға; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өндіріп алуға сотқа органдарына жүгінуге байланысты сот шығасыларының туындауы кірмейді.

30)Экспорттаушы- қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

31)Э митент - эмиссиялық бағалы қағаздар шығаратын экспорттаушы.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағидалардың мәтінінде жекеше немесе көпше түрде, бас әріппен немесе кіші әріппен пайдаланылуына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

2-тарау. Сақтандыру объектісі

7. Сақтандыру объектісі эмитенті Сақтанушы болып табылатын облигацияларды өтеу есебіне Пайда алушыға төлем жасау бойынша Сақтанушының тікелей міндеттемесін көздейтін Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің туындауына байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі болып табылады.

8. Сақтанушы - экспорттық қызметті жүзеге асыру үшін капитал тарту мақсатында облигациялар шығаруға бастамашы болған экспорттаушы.

9. Сақтандыру шарты бойынша пайда алушылар облигацияларды ұстаушылар болып табылады, олардың алдында Сақтанушы облигацияларды өтеу міндеттемесін көтереді.

3-тарау. Сақтандыру жағдайлары

10. Осы Қағидалардың шарттары бойынша сақтандыру жағдайы Сақтанушының өзі шығарған облигацияларды уақтылы өтемегені, атап айтқанда облигациялар проспектісінде белгіленген тәртіппен облигациялардың номиналды құнын пайда алушыға уақтылы төлемегені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі болып табылады.

11. Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

1) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде облигацияларды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін соғыс, азаматтық толқу, жаппай сипаттағы тәртіпсіздік:

2) мемлекеттік органының еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлем аударуды шектейтін немесе оған тыйым салатын күтпеген әрекеті.

12. Коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

1) Сақтанушының облигацияларды өтеу жөніндегі өз міндеттемелерін

орындамауы/тиісінше орындамауы;

2) Сақтанушының банкроттығы.

13. Осы тарауда және Сақтандыру шартында айқындалған және Пайда алушыға залал келтірген бір немесе бірнеше сақтандыру оқиғаларының орын алу фактісі сақтандыру жағдайы болып табылады.

14. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде тізімделген барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның орын алуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі залалдар көлеміне қатысты болжанбайтындығы;

3) Тараптары немесе, ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде орын алу мүмкіндігі тәуекелінің болмауы;

4) оқиғаның орын алуы Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарға ие;

5) оқиғаның орын алуы Сақтанушының ерік білдіруіне және (немесе) пиғылына байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтысқа ие болу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейді.

4-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу

15. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті зақымданудың әсері нәтижесінде туындаған залалдар сақтандыру қорғанысымен өтелмейді, сондай-ақ сақтандыру қорғанысы Шарт жасалған сәтке дейін туындаған оқиғаларға қолданылмайды.

16. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы:

1) Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын немесе Сақтандыру шартында көзделмеген залалдарды өтеу туралы кез келген талаптар үшін;

2) төмендегіге байланысты немесе оған қатысты туындаған Залалды немесе шығындарды өтеу үшін:

• кез келген ядролық отыннан немесе кез келген ядролық қалдықтардан ластанудан немесе радиоактивтіліктен немесе ядролық отынды жағу нәтижесінде иондаушы сәулелену;

• кез келген ядролық қондырғының, реактордың немесе олардың ядролық жинағының, сондай-ақ ядролық компоненттің радиоактивті, уытты, жарылыс қаупі бар немесе басқа да қауіпті немесе ластаушы қасиеттері;

• атом немесе ядролық реакцияны және/немесе синтезді, сондай-ақ басқа да ұқсас реакцияларды, радиоактивті күшті немесе затты пайдаланатын кез келген әскери қару;

• кез келген радиоактивті заттың радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе басқа қауіпті немесе ластаушы қасиеттері. Осы тармақша, егер мұндай изотоптар коммерциялық, ауыл шаруашылығы, медициналық, ғылыми немесе басқа да осындай бейбіт мақсаттарда дайындалса, тасымалданса, сақталса немесе пайдаланылса, ядролық отыннан басқа радиоактивті изотоптарға қолданылмайды;

• кез-келген химиялық, биологиялық, биохимиялық немесе электромагниттік қарудың әсері;

3) қосымша шығындар мен шығыстарды төлеу (Пайда алушының тұрақсыздық айыбы, айыппұл, өсімпұл, сот және өзге де шығыстары);

4) келесі бес елдің кез келгені: Қытай Халық Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Француз Республикасы арасындағы соғыс (дұшпандық өршуіне дейін немесе одан кейін басталған) нәтижесінде келтірілген кез келген Залал;

5) Купондық сыйақы бойынша төлемеу нәтижелерінде пайда болған залал.

17. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге ерекшеліктер, сақтандыру төлемінен босату және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

18. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

19. Сақтандыру шарты үш тараптың арасында жасалады: сақтандырушы, сақтанушы және пайда алушылар атынан Шартқа қол қоятын облигация ұстаушылардың өкілі. Сақтандыру шарты үш данада, Сақтандыру шарты тараптарының әрқайсысы үшін бір данадан жасалады.

Қағидалардың 5-тарауы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес 19-1-тармақпен толықтырылды (№14 хаттама)

19-1 Сақтандыру шарттары тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

20. Осы Қағидаларда көрсетілген сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қорғауын ұсыну туралы өтінішпен бірге Сақтанушы Сақтандырушыға клиенттің толтырылған сауалнамасын және Сақтандырушы бекіткен құжаттар тізбесін ұсынуы тиіс. Сақтанушы клиенттің сауалнамасын Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының талаптарын орындау мақсатында Сақтандырушымен іскерлік қатынастар орнатылғанға дейін ұсынады.

21. Сақтандыру шартына қол қойылғанға дейін облигацияларды ұстаушылардың өкілі сақтандырушының тізбесіне сәйкес клиенттің сауалнамасы мен құжаттарын ұсынуы тиіс.

22. Сақтандыру шартын жасасу үшін сақтанушы проспектінің жобасын және сақтандыру тәуекелін сипаттайтын өзге де құжаттарды ұсынады. Сақтандыру шарты жасалғаннан және облигациялар мен проспект шығарылымы уәкілетті органда тіркелгеннен кейін Сақтанушы міндетті түрде сақтандырушыға тіркеу белгісі бар проспектінің нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады. Проспектінің нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылмаған не мұндай өзгерістерді Сақтандырушымен келіспей Проспектіге өзгерістер енгізілген жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

23. Егер Сақтанушы немесе Облигация ұстаушылардың өкілі дәйексіз құжаттарды/мәліметтерді ұсынса немесе Сақтандырушы Сақтандыру қорғанысын ұсынуға негіз болған толық емес деректерді ұсынса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуға немесе Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

24. Пайда алушының облигацияларды сатып алуы Пайда алушының құқықтары мен міндеттері туралы тармақтарды қоса алғанда, Пайда алушының Сақтандыру шартының талаптарына келісімін білдіреді.

25. Облигацияларды орналастырғаннан кейін облигацияларды ұстаушылардың өкілімен келісілмеген сақтандыру шартындағы барлық өзгерістер жарамсыз болып саналады.

26. Сақтандыру шартында тараптардың атауы мен деректемелері, облигациялар шығарылымының халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды), сақтандыру сомасы, сақтандыру қорғау мерзімі, сақтандыру сыйлықақысын төлеу мөлшері, мерзімдері мен тәртібі, шартсыз франшиза мөлшері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген өзге де міндетті шарттар қамтылуға тиіс.

27. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының/Облигация ұстаушылардың өкілінің жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының дубликатын береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі.

28. Сақтанушы мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Пайда алушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді,

алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

29. Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал бөліп төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезде, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

30. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі (мерзімі) Сақтандыру шартында көрсетіледі.

31. Сақтандыру шарты Қағидалардың 15-тарауына сәйкес жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

32. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

7-тарау. Сақтандыру сомасының көлемін айқындау тәртібі

33. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы облигациялар шығарылымының бүкіл көлемінің номиналды құнына тең.

34. Барлық пайда алушыларға төленетін сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы жалпы сақтандыру сомасынан аспауы керек.

8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

Қағидалардың 35-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес баяндалған (№14 хаттама)

35. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру сомасына қолданылатын және Сақтандырушы айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге тиіс.

36. Сақтандыру сыйлықақысының көлемі сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу арқылы сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру сомасы өзгерген кезде түзетілуі мүмкін.

37. ***Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес алынып тасталды (№14 хаттама)***

38. Егер сақтандыру жағдайы белгілі бір сақтандыру жарнасын төлегенге дейін орын алған болса, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының толық сомасын төлегеннен кейін ғана сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының төленбеген сомасын шегере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.

Қағидалардың 39-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес баяндалған (№14 хаттама)

39. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлемеген жағдайда сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады, бұл туралы сақтандырушы сақтанушыға және пайда алушыға хабарлайды.

40. ***Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес алынып тасталды (№14 хаттама).***

9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

41. Сақтанушы мынаған құқылы:

1) Сақтандырушыдан осы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;

2) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

3) Сақтандырушының Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе оның көлемін азайту туралы шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен даулау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау.

42. Сақтанушы мынаған міндетті:

1) сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандырушыға облигациялардың орналастырылғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну;

2) Сақтандырушымен Проспект шарттарының өзгеруін келісу;

3) Сақтандырушыға Сақтандыру тәуекелінің жағдайы, өзіне белгілі, Сақтандыру шарты жасалғанға дейін және Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандыру жағдайының туындауына маңызды әсер етуі мүмкін жайттар мен талаптар туралы хабардар ету;

4) облигацияларды шығарған және орналастырғанға дейін өзінде барлық талап етілетін лицензиялар мен рұқсаттардың болуын қамтамасыз ету;

5) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау және іске асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсыну;

6) оның ішінде сақтандырушының нұсқауларына сәйкес сақтандыру оқиғасының орын алуын болдырмау және сақтандыру оқиғасы орын алған кездегі шығындардың көлемін барынша азайту, сондай-ақ шығындарды өтеу бойынша барлық шараларды жүргізу;

7) Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу;

8) Сақтандырушының алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға сақтандыру шартының болу фактісін ашпау;

9) өзіне белгілі болған, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер мүлікті сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау.

43. Сақтандырушы мынаған құқылы:

1) коммерциялық құпия болып табылатын және Сақтандыру шартына тікелей қатысы жоқ мәліметтерден басқа, Сақтанушыдан және Пайда алушыдан Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін қажетті мәліметтерді ұсынуын талап ету;

2) тиісті мемлекеттік органдарынан Сақтандыру жағдайының орын алу фактісін және Залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;

3) Сақтандыру жағдайы басталған кезде шығын көлемін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының немесе бағалаушының қызметтерін пайдалану;

4) Пайда алушыдан немесе Облигация ұстаушыларының өкілінен Сақтанушының дефолты туралы хабарландыру алғаннан кейін шығынды азайту және қарыздарды өндіріп алу жөніндегі іс шараларға қатысу;

5) Қағидалардың 4-тарауында көзделген негіздер бойынша Пайда алушыға Сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту;

6) көрінеу жалған ақпарат берген немесе облигацияларды өтеу есебіне Сақтанушыдан немесе үшінші тұлғадан алынған төлем туралы хабарламаған жағдайда Сақтандыру төлемін Пайда алушыға жүзеге асырудан бас тартуға немесе төленген соманы талап етуге құқылы емес;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау.

44. Сақтандырушы мынаған міндетті:

1) Сақтанушыны, Пайда алушыны және Облигацияларды ұстаушылардың өкілін облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидаларымен таныстыру және олардың талабы бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсыну (жіберу) ;

2) Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Пайда алушыға Сақтандыру төлемін жүргізу;

3) Сақтандыру төлемін жүргізу үшін төлем агентінің қызметтерін пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

5) Сақтанушыға (сақтандырылғанға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсалған шығысты өтеу;

Қағидалардың 44-тармағының 6) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

6) Пайда алушыны Сақтандыру төлемін төлеу үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы алдыңғы құжатты алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, егер Сақтандырушы шартында өзгесі көзделмесе хабардар ету.

45. Облигация ұстаушылардың өкілі мынаған құқылы:

1) Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан Сақтандыру шарттары туралы ақпаратты тегін алу;

2) Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабардар ету;

3) сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына хабарласуға болады;

4) Сақтандыру жағдайын тергеуге, оның ішінде өзінің сенімді тұлғасының қатысуымен қатысу;

5) Сақтандыру жағдайының орын алу мәселелері бойынша шешімдерге уәкілетті мемлекеттік органға немесе сотқа шағым жасау;

46. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі мынаған міндетті:

1) Қағидалардың 22-тармағына сәйкес Сақтанушының мәлімдемесінде көрсетілген ақпарат расталған кезде Сақтандырушыға Сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін айтарлықтай маңызы бар барлық белгілі жайттар туралы хабарлау;

2) сақтандыру шарттарын орындау;

3) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген шығынның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беру;

4) Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандыру жағдайының орын алуы мүмкін оқиғаның орын алғаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушыны хабардар ету;

5) Сақтандырушыға өз уәкілеттігі шеңберінде Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін, ал кейін жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің көлемін суброгациялау тәртібімен өндіріп алу үшін қажетті құжаттардың барлық түпнұсқасын ұсыну;

6) облигациялар бойынша берешекті өндіріп алу және реттеу жөніндегі барлық іс-әрекеттерді Сақтандырушымен жазбаша түрде келісу;

7) облигацияларды уақтылы өтемегені үшін облигациялар бойынша Сақтанушыдан талап ету құқығының және Проспектіде көзделген айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбының Сақтандырушыға өтуін тиісінше қамтамасыз ету.

47. Пайда алушы мынаған құқылы:

1) Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан Сақтандыру шарттары туралы ақпаратты тегін алу;

2) Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабардар ету:

3) сақтандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына хабарласуға болады;

4) Сақтандыру жағдайын тергеуге, оның ішінде өзінің сенімді тұлғасының қатысуымен қатысу;

5) Сақтандыру жағдайының орын алу мәселелері бойынша шешімдерге уәкілетті мемлекеттік органға немесе сотқа шағым жасау;

6) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және талаптарда Сақтандыру төлемін алу.

48. Пайда алушы мынаған міндетті:

1) сақтандыру шарттарын орындау;

2) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген шығынның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беру;

3) Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандыру жағдайының орын алуы мүмкін оқиғаның орын алғаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушыны хабардар ету;

4) Сақтандырушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін, ал кейін жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің көлемін суброгациялау тәртібімен өндіріп алу үшін қажетті құжаттардың түпнұсқасын ұсыну;

5) облигациялар бойынша берешекті өндіріп алу және реттеу жөніндегі барлық іс-әрекеттерді Сақтандырушымен жазбаша түрде келісу;

6) облигацияларды уақтылы өтемегені үшін облигациялардың номиналды құнын алуға Сақтанушыдан талап ету құқығының және Проспектіде көзделген айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбының Сақтандырушыға өтуін тиісінше қамтамасыз ету.

49. Сақтандыру шартында тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

10-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

50. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Облигацияларды ұстаушының өкілі және Сақтанушы, егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға Проспектіге жоспарланып отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жазбаша хабарлауға міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыдан, егер Сақтандыру тәуекелі Проспектіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде ұлғаятын болса, қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ете алады. Егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеумен келіспесе немесе Сақтандырушы Проспектіге айтарлықтай өзгеріс немесе толықтыру енгізу нәтижесінде туындайтын сақтандыру тәуекелдерін ұлғайтудан бас тартса, Сақтандырушы сақтандыру шартында айқындалған, сақтандыру сыйлықақысының төленген сомасынан ұстап қалу пайызын шегере отырып, сақтандыруды қорғаудың пайдаланылмаған кезеңі үшін төленген сақтандыру сыйлықақысын қайтара отырып, Сақтандыру шартын бұзуға құқылы.

51. Егер Облигацияларды ұстаушылардың өкілі мен Сақтанушы осы Қағидалардың 50-тармағында көрсетілген тәртіппен Проспектіге енгізілетін өзгертістер немесе толықтыруларды келіспесе, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

11-тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті

52. Сақтандыру жағдайының орын алғанын, сондай-ақ оған келтірілген залалды

дәлелдеу Сақтанушыға және (немесе) Пайда алушыға және (немесе) Облигацияларды ұстаушылардың өкіліне жүктеледі.

53.Егер Сақтандыру шартында/Сақтандырушының Уәкілетті органының шешімінде өзгеше ескертілмесе, Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және/немесе оның салдарынан Сақтандыру жағдайы орын алса және/немесе Сақтандыру жағдайының орын алу тәуекелін ұлғайтатын жағдай мүмкін болса, сондай-ақ Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы және (немесе) Облигацияларды ұстаушылардың өкілі мынаған міндетті:

1) ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін барлық шараларды қолдануы;

2) Сақтандыру жағдайының орын алғанын растайтын құжаттар пакетін қалыптастыру үшін барлық шараларды қолдануы;

3) облигациялар толық немесе ішінара өтелген сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде сақтандырушыға осы оқиға туралы хабарлау;

4) Сақтандырушыға Сақтандыру төлемін жасауға қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

5) сақтандырушыға шығынның себептері мен көлеміне қатысты тергеу жүргізуге, шығынды азайту іс-шараларына қатысуға мүмкіндік беруі керек.

54.Сақтандырушы немесе оның өкілі Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының және (немесе) облигацияларды ұстаушылар өкілінің сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабарламасын күтпей, сақтандыру оқиғасын тергеп-тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы және (немесе) облигацияларды ұстаушылардың өкілі бұған кедергі жасауға құқылы емес.

55.Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы және (немесе) Облигацияларды ұстаушылардың өкілі сақтандыру жағдайы бойынша барлық ақпаратты хабарлауға және сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге тиіс.

12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

56.Сақтандырушы Сақтандыру төлемін Пайда алушының және/немесе Облигацияларды ұстаушылардың өкілінің Сақтандыру төлемі туралы өтініші және Сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізеді.

57.Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды.

58.Егер Сақтандыру жағдайы туралы өтінішті тексеру кезінде Пайда алушыға келтірілген залал Сақтандыру жағдайының нәтижесінде болмағаны анықталса немесе уақтылы хабарламау салдарынан Пайда алушыда туындаған залалдың фактісін, себебін және/немесе осы залалдың көлемін анықтау мүмкін болмаса, сақтандыру жағдайы туралы акт жасалмайды. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан дәлелді бас тартуды жасайды.

59.Сақтандыру төлемін алу үшін Пайда алушы және/немесе Облигация ұстаушылардың өкілі келесі құжаттарды ұсынуы керек:

1) Сақтандырушының корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;

2) өтініш берушінің жеке куәлігі (егер өтініш беруші жеке тұлға болса);

3) Пайда алушының және/немесе Облигацияларды ұстаушылар өкілінің мүдделерін білдіруге берілген сенімхат (қажет болған жағдайда);

4) облигацияларға меншік құқығын растайтын құжаттар, оның ішінде пайда алушының жеке шотынан хабарлама жасалған күнге үзінді көшірме;

5) облигациялардың бұғатталғанын растайтын құжаттар;

6) мемлекеттік органдардың сақтандыру жағдайының орын алу фактісін растайтын,

құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерінің көшірмелері немесе кез келген ресми және бейресми көздерден (бұқаралық ақпарат құралдарын қоса алғанда) алынған, сақтандыру оқиғасының орын алу фактісін растайтын кез келген басқа ақпарат немесе куәліктер;

7) келтірілген залал себебі мен көлемін растайтын өзге де құжаттар;

13-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

60.Пайда алушыдан және/немесе Облигацияларды ұстаушылардың өкілінен Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынғаннан кейін сақтандырушы мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алу фактісі мен себептерін анықтайды;

2) Пайда алушының және/немесе Облигацияларды ұстаушылардың өкілінің сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы өтінішінде келтірілген мәліметтерінің шындыққа сәйкестігін тексереді;

3) сақтандыру объектісін сақтауда Пайда алушының мүддесінің болуын тексереді;

4) сарапшыларды, бағалаушыларды қатыстыру қажеттілігін айқындайды;

5) күту кезеңі ішінде Пайда алушымен және Облигацияларды ұстаушылардың өкілімен бірлесіп немесе егер мұндайлар мүмкін болса, Залалды барынша азайту жөнінде дербес шаралар қабылдайды;

6) оқиға сақтандыру жағдайы болып танылған кезде сақтандыру төлемінің көлемін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

61.Сақтандырушы Сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында айқындалған күту кезеңі өткеннен кейін Пайда алушы Қағидалардың 12-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынуы, сондай-ақ Сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүзеге асырады. Сақтандыру төлемінің мөлшері мынадай тәртіппен есептеледі: сақтандыру төлемін сақтандырушы шартсыз франшизаны шегергенде сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде пайда алушы шеккен шығын мөлшерінде сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырады

(Сақтандыру төлемі=Сақтандыру сомасы шегіндегі залал - Шартсыз франшиза).

62. Шартсыз франшизаның көлемін Сақтандырушы өзі немесе үшінші тұлғалар жүргізген Облигациялар проспектінің талаптарына, Сақтанушының қаржылық жағдайына қаржылық және құқықтық талдау негізінде айқындайды. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Шартсыз франшизаны ұстап қалу тәртібі Сақтандыру шартында айқындалады.

63.Залалдың мөлшері, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру оқиғасы туралы хабарлама берілген күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облигациялар шығарылымының валютасына ресми бағамы бойынша қазақстандық теңгемен айқындалады.

64.Пайда алушы Сақтандырушымен облигациялар бойынша талап ету құқығын басқаға беру туралы Шарт жасасуға тиіс.

65.Егер Пайда алушы Сақтанушыдан немесе үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша өтем алған болса, Сақтандырушы Шартсыз франшизаны ескере отырып, келтірілген залал мөлшері мен Пайда алушы алған өтем арасындағы айырма көлемінде Сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

66.Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтанушыдан не үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша төлем немесе өтем алған Пайда алушы Сақтандырушыға алынған Сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға міндетті.

67.Тараптар арасында залалдың себептері мен көлемі туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы тәуелсіз бағалау сараптамасын жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

68.Сақтандырушы Пайда алушының ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

69.Егер Пайда алушы Қағидалардың 12-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса, Сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

14-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімдері

.

70. Сақтандырушы Пайда алушыдан және/немесе Облигацияларды ұстаушылардың өкілінен Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы хабарлама алған сәттен бастап күту кезеңі есептеледі, Сақтандыру шартында көрсетіледі және 120 (бір жүз жиырма) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

71. Егер Сақтандырушы Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негіздейді. Шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны облигацияларды ұстаушылардың өкіліне жіберу керек.

72. Сақтандырушы күту кезеңі өткен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды және Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

73. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына пайда алушы сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

74. Егер Сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе шығын мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына уәжді күмән болған жағдайда (құжатпен негізделген), мұндай құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы.

75. Кезекті Сақтандыру жарнасы уақтылы төленбеген жағдайда сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және көлемде тұрақсыздық айыбын төлеуін талап етуге құқылы.

15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

76. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

1) Сақтанушының Пайда алушы алдындағы облигацияларды өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындауы;

2) Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;

3) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандырушыны тарату туралы;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда.

6) тараптардың келісімі бойынша.

77. Шарт тараптары жеке келісім жасау арқылы Шарттың қалған қатысушылары келіскен жағдайда тараптар сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

78. Сақтандыру шарты келесі жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі қолданылуы тоқтатылған жағдайда;

2) Сақтандыру жағдайының орын алу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелі Сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша тоқтатылған жағдайда;

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген

жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енген жағдайда;

Қағидалардың 78-тармағының 4) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

4) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімін кешіктірген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеуі;

5) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген жайттар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, алайда 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, екінші тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама Сақтандыру шартының тоқтатылу фактісін жеткілікті құжаттамалық растау болып табылады, ал Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа барабар Сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне құқылы.

79. Қағидалардың 78-тармағына сәйкес Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтандырушы шартын мерзімінен бұрын бұзғаны үшін ақы ретінде, бұзған күннен бастап кезеңнің аяқталған күніне дейін сақтандыру кезеңіне пропорционалды Сақтанушыға төленуі тиіс Сақтандыру сомасының 20%-ын (жиырма пайызын) ұстап қалуға құқылы.

16-тарау. Суброгация

80. Сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға төленген сома шегінде талап ету құқығы өтеді, оған Пайда алушы сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болады.

81. Пайда алушы Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді кідіртпей беруге және Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

82. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша шығындарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтемдер сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырушыға тиесілі болады. Пайда алушы осы өтеулер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға аударуға міндетті.

83.Егер Пайда алушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартса немесе Пайда алушының кесірінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

17-тарау. Қосымша шарттар

84.Тараптардың келісімі бойынша осы Қағидаларға сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмесе, қосымша талаптар енгізілуі мүмкін.

18-тарау. Дауларды шешу тәртібі

85.Сақтандырушы мен Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы арасында туындайтын Сақтандыру шарты бойынша даулар келіссөздер арқылы қаралады.

86. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген кезде дау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.